

*Handwritten text in Cyrillic script, likely a letter or document, visible in the background of the top half of the cover.*

# ҚАЗАҚ ҰЛТЫНАН ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ



**ҚАЗАҚ ҰЛТЫНАН  
ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ**

*Мақалалар жинағы*

Редакторы: *Агила Хасанқызы, Керімше Сәбит*  
Корректоры: *Гүлжан Рүстенбекова*  
Компьютерде беттеген: *Айнұр Маханбетжанова*  
Мұқабасын көркемдеген: *Ринат Скаков*

**ИБ № 4984**

Басуға 21.12.2010 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 18,68 б.т.  
Офсетті қағаз. RISO басылыс. Тапсырыс №559. Таралымы 250 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды



Әрине, тарихи тұлғаға құрмет, өткенге ізет ету қазақ халқының қанына сіңген мінез, әдет. Дегенмен «Жас алаш» жар салып, ауыз батырып айтқан мәселенің, өкінішке орай, шынында қоғамның назар, бұқараның көңіл-күйінен тысқары әкетіп, жасыра алмайтын шындық болуында. Бұл мәселеге келгенде өте мұқият, абай болу керектігін бұқаралық баспасөзді ескерткені орынды деуге болады.

Қазақ зиялы қайраткерлерінің пікірлерін көлденең тартқан мақала авторы Жұлдыз Төлеудің айтқан сұңдарын негізсіз деуге болмайды.

«Байқаудан кейін, президент екеуіміз қалып, бір сағаттан аса әңгімелестік. Ол өзінің «Қазақ елі» монументін жасауда үш-төрт жылдан бері ойланып-толғанып жүргенін түсіндірді. Қысқасы, ол ансамбльдік кешенде Керей мен Жәнібек ханның мүсіндері болуы керек екенін тапсырды», - дейді суретші.

«Қазақ елі» монументі авторларының бірі, хандар мен батырлардың суретін салған Қазақстанның мәдениет қайраткері, суретші Сембіғали Смағұлов оқырманымен осылай ой бөліседі.

«Біз ұмытшақ халықпыз ғой. Өткенімізді ұмытуға дайын тұрамыз. Мынау жатқан жәдігерлер тарихқа деген немқұрайдылығымыздың көрінісі. Бүгінгі қоғамның бет-әлпеті сияқты. Жалтырап тұрған «Қазақ елі» монументі – біздің мен деп кеуде ұратынымыздың, мақтаншақтығымыздың көрінісі. Ал хандарымыздың қоқыс арасында керексіз болып жатуы – ұлтымызға, тарихымызға деген селқостық. Осыны көріп, әрбір қазақ ұялуы керек. Тым болмаса, уақытша қаптап, төбесі жабық жерге сақтап қою керек еді ғой», - дейді осы материалда белгілі саясаттанушы Берік Әбдіғалиев.

Қазақтілді басылымдарда «қазақ елі» тақырыбының жариялануында тұрақталған, қалыптасқан дәстүрлер бар. Солардың қатарында қазақ елінің өміріндегі жаңалықтар мен жетістіктерге шынайы қуаныш, ақ көңілмен тілек айтар

дәстүрді атауға болады. Жалпы, қазақ баспасөзіндегі бұл дәстүр алғаш тәуелсіздік алған жылдардан бергі уақытта тарихи ақтандақтарды ашу және руханиятты, өркениетті мұрамызды қайта әкелген үрдіс басым келді. Ақпарат ғасырына басқан кезеңде қазақ баспасөзі де сол жаһандық үрдістердің көлеңкесінде қалмау қамымен ұлттық сипаттағы жаңалықтар форматындағы ақпараттық медианы қалыптастыруда үздіксіз ізденісте. Ұлттық баспасөздегі тың ізденістер мен жаңа дәстүрлердің бастысы да осы «қазақ елі» концептінің бойына жинақталуда.

«Қазақ елі» тақырыбына келгенде қазақстандық БАҚ-тың көтерер жүгі де, атқарар міндеті де ерекше. Сондықтан бұқаралық медиа құралдарының алдында бұл тақырыпқа келгенде қазақ елін біріктіретін, ұйыстыратын, халықтың бірлігі мен достығын, бауырмалдығы мен ізгілігін бір арнаға бұратын ортақ үндестік алаңы болуы тиіс деген тұжырымға келуге болады.

## ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЕЛІ - ҚОҒАМДЫҚ САНА ҰЙЫТАР КЕҢІСТІКТЕ

Бүгінгі ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың даму кезеңінде қоғамдық сананың да өзгеруі мүмкін бе? Әдетте ғалымдар қоғамдық сананы талдай келе оның құрамдас екі басты тобын ерекшелейді: танымдық және ынталандыру (мотивациялық) [15].

Танымдық санаға саясат туралы, саяси құбылыстар мен көзқарастарға қызығушылықты жатқызады. Мотивациялық саяси сенімге адамның рухани қажеттілігі, құндылықтары мен танымдарын жатқызады.

Шын мәнінде, рухани сананың қандайда бір көрінісін ерекшелеп айту қиын. Қоғамдық сананың танымдық элементтерін де мотивациялық көріністері де өзара тығыз

## ҚАЗАҚ ҰЛТЫНАН ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ: ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ РУХАНИ МӘСЕЛЕЛЕР ҮНДЕСЕТІН АЛАҢ

*"Қайырлы таң, Қазақ елі!"*, - деп  
«Қазақ радиосы» күн сайын  
жар сала қазақ елін оятады.

Ел, ұлт, халық, этнос... Осылайша, тізбектелетін бір-біріне мағыналас, синонимдес сөздердің түп-төркінін қарастырсақ.

Даль сөздігінде: «Ел – жер өлкесі, аумағы, тұрғылықты мекен, аймақ, облыс, жер, мемлекет, әлемнің бөлігі» деп анықтама береді [1].

Халық, этнос, ұлт – бұл сөздер синонимдес келеді. Көптеген геосаяси жағдайларда ұзақ уақыт бойына адамдардың қауымдаса әрекет ете тіршілік етуімен айқындалатын, туыстық рухани ерекшеліктері біріктірген адамдардың қауымын білдіреді.

«Халық» сөзінің мағынасы көптеген мәнге ие. Мәселен, халық сөзінің рухани, экономикалық немесе саяси-құқықтық мағысымен қатар ұлттық немесе этнос деген мағынасы қатар аталып жүр.

Дегенмен адамдардың қоғамдық ортадағы материалдық жағдайы не рухани танымына қарамастан олар белгілі бір ұлттық не этникалық топтарға тиесілі халық өкілі болады. Яғни ұлттық, этникалық, халықтық тегісіз адам болмайтыны анық. Дегенмен ұлт не этнос сөзіне қарағанда халық сөзінің мағынасы кең, ауқымды екендігі даусыз. Сондықтан халық сөзі ұлттар мен этностарды рухани, саяси, экономикалық, географиялық т.б. жағынан біріктіретін қауымдастық ретінде таныған жөн. Саяси терминологияда ұлт немесе бірнеше ұлт қауымдастығы халық деп аталады.

Қоғамдық пікір – мемлекеттің, БАҚ-тың және мақсатты

топтар арасында саяси қолдауын арттыруға мүдделі басқа да саяси субъектілердің маңызды серіктесі саналады. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, қоғамдық пікір азаматтардың мүдделері туралы аса маңызды ақпарат көздері болып саналады. Олардың билікке қарым-қатынасын таныту мен нақты әрекеттерінің механизмі ретінде танылады.

Мәселен, қоғамдық пікірді зерттеу азаматтардың қоғамдағы ұстанымдарын, көзқарастарын анықтауда маңызды құрал болып келеді. Мақсатты топтардың үкіметтің белгілі бір саяси реформалар кезіндегі, дағдарыс жағдайындағы қарым-қатынасын білуде маңызды әлеуметтік қызмет атқарады.

Қоғамдық пікір биліктің маңызды контрагенті ретіндегі мәні көне дәуірде белгілі болды. Ежелгі грек философы Пратогор бүкіл қоғамның бұқаралық пікірі туралы айтады. Оның ойынша, жалғаннан шындықты ажырату үшін бұқаралық пікір қажет. Азаматтық қауымнан ол рухани-құқықты күштердің дереккөздерін іздей отырып, әлеуметтік шаралардың мүмкіндігін атап өткен болатын [2].

Сонымен бірге ежелгі ойшылардың қатарында Сократ та қоғамның пікіріне ерекше мән береді, «көпшіліктің пікірінен» де маңызды саналатын «ақылдылар пікіріне» ден қояды. Ойшылардың бірі Платон да қоғамдық ақсүйектер пікірін негізгі субъект ретінде қарастырып, осындай көзқараста болады.

Ал XII ғ. ағылшын жазушысы әрі мемлекет қайраткері Д. Солсбери сайлау алдындағы парламентті тұрғындардың моральдық қолдауын «public opinion» деп атаған болатын [3].

Қоғамдық пікір теориясының концептуалдық негіздері саясаттану ғылымында XX ғ. ортасында әзірленді. Қоғамдық пікірдің түрлі саяси институттармен қарым-қатынасын сипаттауда ғалымдар бір жақты пікірге тоқтала қоймады.

Қоғамдық пікір қоғамның әлеуметтік-психологиялық жай-күйі, не болмаса бұқараның рухани-этикалық нормаларының жиынтығы ретінде қарастырылады. Сондай-ақ қоғамдық

41. Бұлдыбайұлы А. Жастарымыз қазақ тілін игеруі тиіс еді // Қазақ әдебиеті. – 14 тамыз. – 2009.
42. Әубәкір Ж. Шәкәрімнің қоңыр аты // Қазақ әдебиеті. – 14 тамыз. – 2009.
43. Сүйеркүл Б. Қазақ әдебиетіне бөлінген 45 минут // Қазақ әдебиеті. – 17 маусым. – 2009.
44. Әбутәліпқызы Р. Қазақ рухы қазақ тілін білетіндерде ғана сақталады // Қазақ әдебиеті. – 17 маусым. – 2009.
45. Аманат арқалаған альманах, Ана тілі. – 28 мамыр - 3 маусым. – 2009.
46. Хамзеұлы А. «Қазақ елі» деген лайық // Ана тілі. – 30 сәуір-6 мамыр. – 2009.
47. Смағұлова Г. Қазақ қандай халық // Ана тілі. – 26 ақпан. – 2009.
48. Хайдар Н. Қазақ ететін де, мазақ ететін де – тіл // Ана тілі. – 5-11 қараша. – 2009.
49. Қазақ альманағы. – №44. – 2009.
50. Моль А. Социодинамика культуры. - М.: Прогресс, 1973. – 121 с.
51. Moles A. Information Theory and Esthetic Perception. – Urbana, 1968. - S. 131.
52. Fairclough N. Media Discourse. – London, 1995. – P. 85
53. Сорокин Ю.А. Статус факта (события) и оценки в текстах массовой коммуникации // Политический дискурс в России. – М., 2000. – 215 с.
54. Андриенко В.Г., Аргунова К.Д., Паниотто В.И. Математические методы анализа и интерпретация социальных данных. – М., 1989. – С. 173.
55. Панарин И.Н. Информационная война, PR и мировая политика. – М.: Горячая линия – Телеком, 2006. – 352
56. Фестер Б., Ренц Э. Корреляционный и регрессионный анализ. – М., 1983. – С. 243.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА</b> .....	5
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақ елі» монументінің ашылуында сөйлеген сөзі.....	5
<b>I БӨЛІМ</b>	
Академик Ғарифолла Есімнің «Қазақ елі» тақырыбына арналған жарияланымдары.....	9
Елдік сана философиясы.....	10
Этнос мәдениеті – елдік мәйегі.....	28
Астана – жанаша ойлау символы.....	45
Ақме қоғам болмысы.....	64
Астана – ақме-қоғам символы.....	80
Ақме-қоғам – «Нұқ кемесі».....	98
Бесінші жол» – елдік рух философиясы.....	98
Қазақ елі және 2030 стратегиясы.....	114
Тұлға философиясы.....	133
<b>Сұхбаттар</b> .....	152
Қазақ елі және қазақ тілі.....	152
Жаңа сөз – жас ұрпақта.....	158
Қазақ болу – ренессанстық идея.....	170
<b>II БӨЛІМ</b>	
Ақтолықын Құлсариеваның «Қазақ елі» тақырыбында жарияланған еңбектері.....	177
Тәуелсіз Қазақстан идеясы – жерұйық Қазақстан.....	178
Қазақ мәдениетіндегі еңбек құндылығы.....	183
Қазіргінің білім қаласы.....	191
Ұлы замандағы идеяларды ұлықтап жеткізудеміз.....	197
«Қазақ әдебиеті» газетінің сұрақтарына жауап:.....	207
Мәдениетке бір жақты баға беру – қылмыс.....	210
ЕҚЫҰ саммиті қазақстандықтардың патриоттығы мен ауызбіршілігін күшейтеді.....	221
<b>III БӨЛІМ</b>	
Гүлмира Сұлтанбаеваның «Қазақ елі» тақырыбында жарияланған сараптамалық еңбектері.....	235
Қазақ ұлтынан қазақ еліне: қазақ баспасөзі рухани мәселелер үндесетін алаң.....	236
Қазақ баспасөзі және қазақ елі - қоғамдық сана ұйыттар кеңістікте.....	251
Қазақ қоғамы және қазақ елі мәселелері: Ұлттық баспасөзге факторлық талдау.....	272
Әдебиеттер.....	296



ББК 87. 3я7  
Қ 12

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультетінің  
Ғылыми кеңесі ұсынған*

**Авторлар:**

Ғарифолла Есім (I бөлім)  
Ақтолқын Құлсариева (II бөлім)  
Гүлмира Сұлтанбаева (III бөлім)

Қ 12 **Қазақ ұлтынан қазақ еліне: мақалалар жинағы.** – Алматы:  
Қазақ университеті, 2010. – 350 б.  
**ISBN 9965-29-581-6**

Бұл жинақ «Қазақ елі» тақырыбына арналған. Онда ұлттық идеяның, елдік сананың қалыптасуына ықпал ететін тың түсініктер анықталып, «ел» ұғымының астарында жатқан біріктіруші әлеуеті танылып, елдік құндылықтар келтірілген.

Жинақ ізденімпаз ғалымдарға, зиялы қауым өкілдеріне, жалпы көпшілік оқырманға арналған.

**ББК 87. 3я7**

ISBN 9965-29-581-6

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2010



танытуына кедергі болып табылатын провинциалдық комплексден арылудың бастамасы. Президентіміз айтпақшы, осы бір Қазақстан үшін маңызды іс-шара бүткіл қазақстандықтардың патриоттығы мен ауызбіршілік рухын күшейтеді деген үміт бар.

*Сұхбаттасқан Аягүл МАНТАЕВА.  
«Айқын» газеті. Қыркүйек, 2010*

## ІІІ БӨЛІМ

Гүлмира Сұлтанбаеваның  
«ҚАЗАҚ ЕЛІ»  
тақырыбында жарияланған  
сараптамалық еңбектері



ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫНАН  
ҚАЗАҚ  
ЕЛІНЕ

Мақалалар жинағы

Есетерден Оразұлына 2  
Алға мінеткен.  
С.С.С.

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2010